

## “Батыр” болашаққа қадам жасады

Т. Спиридонов

“Батыр кенішінің алтыншы алаңы кенішті жаңа автомобильдік-конвейерлік технологияға көшіру жөніндегі үлкен де маңызды жобаны жүзеге асырудың бастапқы

№1 көмір қазу учаскесі. Бір ожаулы ЭКГ-12,5 және ЭКГ-10 экскаваторлары тұрған забойларда тәулік бойы “Комацу” жүк автосамосвалдары жұмыс істеуде. Бір тиегенде тоқсан тонна көмір алады. Бір ауысымда жүргізушілер жиырма-отыз рейс жасайды. Қысқасы, қауырт жұмыс.

- “Комацу” тамаша техника. Көлемі үлкен болғанына қарамастан, жүргізуі жеңіл. Борттық компьютерін де

- Мен жиырма үш жылдан бері машинистімін. Бірақ мұндай экскаваторда алғаш рет істеп жүрмін. Басқаруда соншалықты айырмашылық жоқ, ал қуаттылығы сезіліп тұрады,- дейді экскаватор машинисі Владимир Перевощиков.

“Батырдың” алтыншы алаңы ерекше назарда. Сондықтан мұнда кеніштің түрлі қызметтерінің мамандары: “Батыр” кешенінің бастығы, тау кен мастері, геологтар жиі болып тұрады. Жаңа технология элементтерін игеру үздіксіз жүруде. Кейбір күтпеген жайлар да болады. Жаңа әзірде мұнда кеніштің бас технологы Михаил Спиридонов келген еді. Ол көмір тиеуді күтіп жүк машиналарының экскаватордың жанына жиналып қалғанына назар аударды. Машиналардың кідіруге болмайды. Бас технолог осы проблема жайында Батыр кешенінің бастығы Вячеслав Хайбулинмен сөйлесті. Біраз уақыттан кейін көмір тиеу процесі түзелді.

Кеншілердің жұмысын көрген бірнеше минутта Юрий Пеньковтың автосамосвалы кезекті рейстен оралды. Ол бізге кабинадан қол бұлғады да, экскаваторға беттеді. Жас жігіттің көңіл-күйі жақсы



Автосамосвалдың жас жүргізушісі Юрий Пеньков

алаңына айналды. Бұл жоба жалдағы әр түрлі сападағы көмірді ұсақтауды қарастырады. Осылайша, кеншілер болашаққа бастайтын жолдағы алғашқы қадамды жасады. Өйткені, бұл жоба 2025 жылға дейінгі дамуға есептелінген ғой. “Батыр Аксес Көмір” компаниясы кенішті модернизациялауға жарты миллиардан астам қаржы салмақшы.

Автомобильдік-теміржол технологиясының бірінші кезеңінің элементтерін сынап көру жүріп жатқанына екінші аптаның жүзі болды. “Батыр” кенішіндегілер “Солтүстік” кенішінде жинақталған тәжірибеге сүйенуде. Онда кеншілер былтырғы жылдың тамызынан бері жаңаша жұмыс істеп жатыр әрі жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Тольк бес ай емес уақыт ішінде солтүстіктер тұтынушыларға үш миллион тоннадан астам көмір жөнелтті. Енді биылғы жылы олар Қазақстан мен Ресейдің электр станцияларына сегіз миллион тона көмір өндіріп жөнелтуді көздеп отыр. Екпінді жұмыс істеуге ынта бар. “Солтүстік” кенішінің ұсатылған көмірі энергетиктердің сұранысына ие.

Енді, міне, батырлықтар да өз тәжірибелерін жинақтай бастады. Қысқа уақыттың ішінде олар жүз елу мың тонна көмір жалын үйіп шықты. Осы жалдағы көмірді тұтынушыларға жөнелту басталғанда, екінші жалды үюге

тез менгеріп алдым,- дейді жиырма бір жастағы жүргізуші Юрий Пеньков. Ол осыдан бірнеше жыл бұрын №1 лицейді бітірген. Мектепті жақсы бітірсе де, институтқа бармай, жұмыс істеуді қалаған. Әуелде “УАЗ-икте” жұмыс істеген. Жапондық “Комацуге” жүргізушілерге іріктеу жарияланғанда оқу-курстық комбина-тына оқуға жазылған.

- Машина- менің екінші үйім. Онымен жұмыс істеу рахат. Жүз тонналық алыппен жұмыс істеуге маған сенім білдіргеніне қуаныштымын,- дейді Юрий әңгімесін жалғастырғанда. Ол менімен бірнеше минут қана сөйлесіп, көмір тиеу үшін машинасын экскаватордың жанына қойды. Міне, үлкен ожау көмірді қауып алып, машина қорабына лақ еткізді. Оның бір қапқаны 16 текше метр. Мұндай ожаулы экскаватор кеніште жалғыз-ақ. Оны тау кен-көлігі жабдықтарын жөндеу зауытында арнайы жасаған. Зауыт конструкторларының есептері дұрыс болғанын сынақ көрсетті. Ожау сенімді жұмыс істеуде.



Бас технолог М.Спиридонов, “Батыр” кенішінің бастығы А.Зыкалин, тау-кен мастері В.Хайбулин, экскаватор машинисі В. Перевощиков / сол жақ шеттегі/ өндірістік проблеманы талқылауда

екені көрініп тұр.

Василий Матвеев  
Суреттерді түсірген А.Бутырин